



Магистратура бағдарламаларына түсу

+7 727 2704213, +7 707 170 42 13, +7 707 505 42 13/gao@kimep.kz/www.kimep.kz
Facebook/Instagram: KIMEP/KIMEP_University

КИМЭП Университеті оқуға түсу барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі немесе осы тілдерге куәландырылған аудармасымен құжаттарды қабылдайды.

Маңызды! Егер сен қазір бакалавриаттың соңғы курсында оқып жүрсең, бізде сен үшін тамаша жаңалық бар! Диплом алғанды күтпей-ақ, дәл қазір онлайн-өтінім толтырып, әрі қарай оқуға қатысты барлық мүмкіндіктерден хабардар бола аласың.

Өтінімді ертерек толтырған жағдайда не аласың?

Гранттар мен академиялық бағдарламалар туралы маңызды хабарламалар: Біз сені ең өзекті ұсыныстармен уақтылы таныстырып, тегін білім алу мүмкіндігін жіберіп алмауыңа көмектесеміз.

Магистранттарға арналған кәсіби бағдарлау іс-шараларына шақырулар: Әртүрлі магистратура бағыттары туралы көбірек біл, оқытушылар мен студенттермен тілдесіп, саналы таңдау жаса.

Жазды және диплом алғанды күтпе! Онлайн-өтінімді дәл қазір толтыр да, магистратурада жаңа жетістіктерге дайын бол!

КИМЭП университеті құжаттарды орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде немесе осы тілдердің біріне нотариалды куәландырылған аудармасымен қабылдайды.

1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІШ БЕРУ

Талапкер Порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді

online анкета



1. Талапкер Порталында онлайн сауалнаманы толтыру: <https://www.kimep.kz/ext/application/online/kk-KZ/>
2. Порталға сканерленген жеке куәліктің (Қазақстан азаматтары үшін) немесе төлқұжаттың (шетелдік азаматтар үшін) көшірмесін жүктеу
3. Жоғары білімі туралы құжаттың (қосымшасымен) көшірмесін жүктеу*
4. Еңбек кітапшасының көшірмесін немесе түйіндемені жүктеу
5. LLM бағдарламасының талапкерлері үшін 2 ұсынымхатты жүктеу
6. МРА, МЕРМ және MIR бағдарламасының талапкерлері үшін 1 ұсынымхатты жүктеу
7. Сандық фото
Өзіңіздің сандық фотосуретіңізді нақ «Фото» өрісіне жүктеу өте маңызды, өйткені КИМЭП-тің барлық департаменттері сіздің тұлғаңызды сәйкестендіру үшін осы жердегі сіздің фотоңызды пайдаланатын болады. Ажыратымдылығы 300 ррі (дюймға пиксель), өлшемі 8 МП-ден (мегапиксель) кем емес, төмен сығылыммен (жоғары сапа) JPEG форматындағы сандық фотосурет.
8. Бар болған жағдайда мерзімі бойынша жарамды IELTS/TOEFL сертификаттарының көшірмелерін жүктеу
9. Талапкердің қалауы бойынша ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының тізімін жүктеуге болады **Шетелдік талапкерлер үшін қосымша талаптар**
10. Банк шотынан көшірім (этникалық қазақтарға қолданылмайды)
11. Сотталмағандығы туралы анықтама

Гранттар мен қаржылық қолдау мәселелері бойынша келесі байланыс телефондары арқылы хабарласу қажет: +7 727 2704316, ұялы/ватсап +77079704316, finaid@kimep.kz

***Шетелдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттарда қазақ немесе орыс тіліне нотариалдық куәландырылған аудармасының болуы және бірінші академиялық семестрде нострификациялау/тану рәсімінен өтуі тиіс. Барлық мәселелер бойынша студенттерді тіркеу бөлімінің аға маманы Айнұр Мұхаметжановаға хабарласыңыз, ainur@kimep.kz, +7 727 270 43 14 (ішкі 3239)**

2- ҚАДАМ. АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНГЕРУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

Level	CEFR	IELTS	TOEFL IBT*	Duolingo	PTE Academic	Cambridge FCE (B2 First)	Language Cert Academic
Academic English	B2	5.5 (not less than 5.0 in each section)	51 – 66 ((Reading 12-15; Listening 12-15; Speaking 17-18; Writing 14-18))	95+ (≥90 in each section)	39+	160+	60
GEF A and Provisional A*	B1 +	5.0 (not less than 4.5 in each section)	37-50 (Reading 8-11; Listening 8-11; Speaking 14-16; Writing 9-13)	94 (≥80 in each section)	31-38	159	50

TOEFL iBT* - 2026 жылғы 21 қаңтардан бастап TOEFL iBT нәтижелері жөніндегі есептер 1-ден 6-ға дейінгі жаңа шкаланы көрсетеді. Сәйкес мәндер TOEFL iBT есептерінің жаңа форматы ресми түрде іске қосылғаннан кейін дереу жаңартылады.

Назар аударыңыз! Бағдарламаларға арнайы талаптар: LLM - IELTS 6.0 (бөлімдер бойынша кемінде 5.0)

3-ҚАДАМ. ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНДАРЫН ТАПСЫРУ

3.1. КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ (тек Қазақстан азаматтары үшін)

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазанында № 600 бұйрығымен бекітілген магистратура бағдарламасына оқуға қабылдау жөніндегі үлгілік ережелеріне сәйкес, магистратура бағдарламасына оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Ұлттық Тестілеу Орталығы (ҰТО) технологиясы бойынша дайындалған Кешенді тестілеуден (КТ) өтулері қажет. Кешенді тестілеу (1) шет тілі бойынша, (2) білімдік бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестіден және (3) қазақ немесе орыс тілінде (таңдау бойынша) білім алуға дайындығын анықтауға арналған тестіден тұрады.

Шет тілін меңгергендігі туралы жалпыеуропалық құзырлықтарға (стандарттарға) сәйкес келетін халықаралық сертификаттары бар тұлғалар максималды балл тағайындау негізінде КТ-дегі шет тілі бойынша тестілеуден босатылады: **IELTS – 6-дан кем емес; TOEFL iBT – 60-тан кем емес; TOEFL PBT – 498-ден кем емес.**

Тестілеуді өткізу туралы толық ақпарат Ұлттық тестілеу орталығының сайтында қолжетімді <http://www.testcenter.kz/ru/postupayushchimv-magistraturu-i-doktoranturu/>
Магистратураға қабылдау КТ қорытындылары негізінде жүргізіледі:

- МАFL бағдарламасы бойынша **75** баллдан кем емес: Шет тілі – екі шет тілі, оның ішінде шет тілі бойынша – **25** баллдан кем емес, білімдік бағдарламалар тобының бейіні бойынша; дұрыс бір жауапты таңдаумен – 7 баллдан кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдауымен – 7 баллдан кем емес, білім алуға дайындығы тестісі бойынша – 7 баллдан кем емес.
- Барлық басқа бағдарламалар үшін **30** баллдан кем емес, оның ішінде білімдік бағдарламалар тобының бейіні бойынша – 7 баллдан кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдайымен – 7 баллдан кем емес, білім алуға дайындығын анықтау тестісі бойынша – 7 баллдан кем емес.

КТ тапсыруға өтініштерді қабылдау мерзімі Жоғары және жоо-дан кейінгі білім беру департаментімен Ұлттық тестілеу орталығының сайтында (ҰТО) реттеледі: <http://testcenter.kz/ru/>

КИМЭП Университеті магистратурасына түсу үшін кешеді тестілеудің бейіндік пәндері

№	Бағдарлама атауы	Бейіндік пәндер	
		1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
1	Шетел тілі: екі шетел тілі (MAFL)	Педагогика	Кәсіби бағытталған шетел тілі (ағылшын, неміс, француз тілдері)
2	Халықаралық қатынастар (MIR)	Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты	Дипломатиялық және консулдық қызмет
3	Халықаралық журналистика (MAIJ)	Қазақ журналистикасының тарихы	Заманауи журналистиканың жанрлық формалары және қызметі
4	Экономика (MAE)	Мекеме экономикасы	Макроэкономика
5	Мемлекеттік және жергілікті басқару (MPMA)	Мемлекеттік басқару теориясы	Экономиканы мемлекеттік реттеу
6	Бухгалтерлік есеп және аудит (MACTA)	Бухгалтердік есеп негіздері	Аудит
7	Қаржы (MFIN)	Қаржы негіздері	Корпоративті қаржы
8	Маркетинг (MMKT)	Маркетинг	Маркетингтік зерттеулер
9	Менеджмент (MMGT)	Менеджмент	Бизнесті ұйымдастыру
10	Білім беру саясаты және басқару (MERPM)	Менеджмент	Бизнесті ұйымдастыру
11	Халықаралық құқық (LLM)	Мемлекет және құқық теориясы	Ситуативті кейс (Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе халықаралық құқықтың нормаларын қолдану негізінде нақты практикалық жағдайды жан-жақты құқықтық талдау)
12	Психология (MSP)	Жалпы психология	Даму психологиясы

МВА бағдарламасына оқуға түскісі келетін тұлғалар Кешенді тестілеуді тапсырудан босатылады және КИМЭП Университеті анықтаған оқуға түсу емтихандарынан өтеді – ағылшын тілі бойынша тестілеу және МВА бағдарламасына қабылдану үшін емтихан (KGET).

КІМЕР түлектері үшін

- GPA ≥ 3.0 болған түлектер КІМЕР-тің мамандық бойынша ішкі тесттері мен емтихандарынан (KGET, онлайн сұхбат) босатылады.
- КІМЕР түлектері ағылшын тілі бойынша тестілеуден босатылады.
- Кредиттерді ауыстыру жүзеге асырылады.

*Кредиттерді ауыстыру мәселелері бойынша факультет менеджеріне жүгіну қажет.

3.2. МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША КІМЭП ЕМТИХАНДАРЫ

Бағдарлама	Емтихан	Өту балы	Бағдарлама үйлестірушісі
MBA, MACTA, MFIN	KIMEP Graduate Entrance Test (KGET) - логикаға тапсырмалар, сыни ойлау және математика	50-ден 15	Ләззат Ташанова, 302-1 (Достық ғимараты), +7 727 2704440 ішкі 2356, bcbgraduate@kimep.kz Айзада Арабаева, +7 727 270 4440, ішкі 2347, bcb-assistant@kimep.kz
MAE		50-ден 14	css_coordinator@kimep.kz
MERPM	KIMEP Graduate Entrance Test (KGET)	50-ден 14	Марина Ким. Офис № 227 (Достық ғимараты) Тел.: 8 701 717 38 06 Электрондық поштасы: marina.kim@kimep.kz
	Онлайн сұрақтар түрінде сұхбаттасу	100-ден 50	
MAFL	Онлайн сұрақтар түрінде сұхбаттасу	100-ден 50	css_coordinator@kimep.kz
MIR, MPA, MAU			
ExMBA	Тікелей интервью түрінде сұхбаттасу	есептелді/есептелмеді	Бақытгуль Тундикбаева Телефон: +77017400173 Электрондық поштасы: bakytgul@kimep.kz Асем Қожамсеитова Телефон: +7 727 270-43-61 ішкі 2267, + 7 778 821 65 55 a.kozhamseitova@kimep.kz
LLM			Елена Глазова, 121 (Жаңа оқу ғимараты) + 7 727 271-71-71 (2728), glazova@kimep.kz
MSP			Марина Ким, 227 (Достық ғимараты), +7 701 717 38 06, marina.kim@kimep.kz

MBA бағдарламасының талапкерлері үшін қосымша критерий – 2 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі немесе оның баламасы *
Жарамды GMAT/GRE сертификаттары KGET босату үшін қабылданады

4-ҚАДАМ. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛАРЫН ТАПСЫРУ

Жоғары білім туралы құжат (қосымшасы бар түпнұсқа)

КИМЭП Медицина Орталығына:

075-үлгідегі дәрігерлік анықтама немесе шетелдік азаматтар үшін оның баламасы.

КИМЭП Медициналық орталығы медициналық анықтаманың баламасының нотариалды расталған аудармасын талап етуі мүмкін, сондықтан шетелдік студенттерге медициналық тексерістен Алматыға келгеннен кейін өтуге кеңес береміз.

Анықтамада терапевт, хирург, невропатолог, окулист, отоларинголог қорытындылары мен микрореакция тестінің қорытындысы, сонымен қатар екі дәрігер қолы мен екі дәрігерлік мөрі бар флюорографиялық түсірілімнің түпнұсқасы (мерзімі 6 айдан аспаған анықтама ғана жарамды).

- рентгенолог дәрігердің аты-жөнімен және мөртабанмен сипаттаумен флюорография кескінінің түпнұсқасы (анықтама егер оның мерзімі 6 айдан аспаған жағдайда жарамды)
- егу картасының көшірмесі (32 жасқа толмаған тұлғалар үшін)

Медициналық орталығы: Наталья Яша, Бас дәрігер, тел: 8 (727) 237 48 05 ішкі нөмірі 1087, эл.адресі: n.yasa@kimep.kz

Құжаттар түпнұсқаларын сканерленген түрінде талапкер порталына жүктеуге немесе курьерлік пошта қызметін пайдаланып, келесі мекен-жайға жіберуге болады: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 4, 103, 103А, 107 офистері – Қабылдау комиссиясы

5-ҚАДАМ. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ БІЛУ ЖӘНЕ БІЛІМДІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта КИМЭП Университетінің талапкермен ресми байланыс арнасы болып табылғандықтан онлайн өтініште көрсетілген электрондық поштаның адресі студенттер қатарына қабылдау кезінде жарамды болуы тиіс.
2. КИМЭП Университетіне қабылдау туралы хабарлама Сіздің электрондық поштаңызға жіберілетін болады және Талапкер Порталындағы «Acceptance Package» секциясына орналастырылады.

3. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт та осы бөлімде қолжетімді болады.

- Шартты басып шығарыңыз: Оны порталда тауып, баспаға шығарыңыз
- Мұқият оқып шығыңыз: Барлық шарттармен толық танысып, түсінгеніңізге көз жеткізіңіз
- Әр бетіне қол қойыңыз: Шарттың әр бетінде арнайы белгіленген жерге қол қойыңыз
- Қол қойылған шартты сканерлеңіз: Сканер немесе телефондағы арнайы қосымша арқылы барлық беттерді анық көрінетіндей етіп сканерлеңіз
- Сканерленген нұсқаны жүктеңіз: Порталдағы «Documents for upload» бөліміне өтіп, «SIGNED CONTRACT» ұяшығына сканерленген шартты жүктеңіз

6-ҚАДАМ. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Сабақ кестесін құрастыру, құнын есептеу және пәндерге тіркелу мәселелері бойынша бағдарлама үйлестірушілеріне хабарласу қажет, олардың байланыс деректері «МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША КИМЭП ЕМТИХАНДАРЫ» секциясында көрсетілген.